## Әбілхан Қастеевтің туғанына 100 жыл толу мерейтойына дайындық және оны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 желтоқсандағы N 1243 қаулысы

Қазақстан Республикасының халық суретшісі, Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның тұңғыш кәсіпқой суретшісі, жылнамашысы Әбілхан Қастеевтің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Әбілхан Қастеевтің туғанына 100 жыл толу мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Әбілхан Қастеевтің туғанына 100 жыл толу мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 желтоқсандағы N 1243 қаулысына қосымша

## Әбілхан Қастеевтің туғанына 100 жыл толу мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі республикалық комиссия

| | |
|---|---|
| Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы | - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, төраға (келісім бойынша) |
| Қасейінов Дүйсен Қорабайұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі, төрағаның орынбасары |
| Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі |
| Досмұханбетов Темірхан Мыңайдарұлы | - Астана қаласының әкімі |
| Құлмаханов Шалбай | - Алматы облысының әкімі |

Храпунов - Алматы қаласының әкімі
Виктор Вячеславович

Қапақов - Қазақстан Республикасының
Нұрлан Төлегенұлы Премьер-Министрі Кеңсесінің Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі мәдениет секторының меңгерушісі

Мергенов - Қазақстан Суретшілер одағы
Еркін Тілекұлы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)

Өмірбеков - "Қазақстан Республикасының
Байтұрсын Есжанұлы Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор (келісім бойынша)

Қастеев - суретшінің ұлы, суретші
Нұртас (келісім бойынша)

Көпбосынова - "Қазақстан Республикасының
Роза Тохтарқызы Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғылыми қызметкері (келісім бойынша)

Қышқашбаев - Қазақстан Республикасының
Тілеуғали Әшірбекұлы Білім және ғылым министрлігі Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры

Ибрагимов - "Қазақстан Республикасының
Ұлықбек Шарахынұлы Президенттік мәдени орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 8 желтоқсандағы
N 1243 қаулысымен
бекітілген

**Әбілхан Қаетеевтің туғанына 100 жыл толу мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | "Ә.Қастеев. Өмірі мен шығармашылығы: атты өмірбаяндық альбомын, каталогын, "Пейзаж, портрет, ою-өрнек" репродукциялық жұмыстар жинағын шығару | 2004 жыл наурыз | Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі |
| 2 | Ә.Қастеевтің өмірі мен қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету | 2004 жыл тұрақты | Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі |
| 3 | Ә.Қастеевтің мерейтойына арнайы почта маркаларын, открыткалар, күнтізбелер және конверттер шығару | 2004 жыл ақпан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 4 | Естелік теңге шығару | 2004 жыл қаңтар | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 5 | "Қазақстанның бейнелеу өнері және Ә.Қастеев мұрасы" атты халықаралық ғылыми конференция өткізу | 2004 жыл ақпан | Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан Суретшілер одағы (келісім бойынша) |
| 6 | Ә.Қастеевтің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанаттарын өткізу | 2004 жыл мамыр | Алматы қаласының әкімдігі |
| 7 | Алматы қаласындағы Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнер мұражайының алдында Ә.Қастеевтің ескерткіш мүсінін орнату және салтанатты түрде ашу | 2004 жыл мамыр | Алматы қаласының әкімдігі |
| 8 | Алматы облысында Ә.Қастеевтің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанаттарын өткізу | 2004 жыл мамыр | Алматы облысының әкімдігі |
| 9 | "Ә.Қастеев және оның уақыты" атты мерейтойлық көрме ұйымдастыру | 2004 жыл қаңтар | Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі |
| 10 | Ә.Қастеевтің мерейтойына арналған "Менің Қазақстаным" атты тақырып бойынша бейнелеу өнерінің ең үздік туындысына конкурс өткізу және республика мұражайлары қорының кейіннен сатып алуымен көрмелер ұйымдастыру үшін үздік жұмыстарды таңдап алу | 2004 жыл сәуір-мамыр | Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі |
| 11 | Астана қаласында "Ә. Қастеевке - 100 жыл" көрмесі | 2004 жыл наурыз | Астана қаласының әкімдігі |
| 12 | Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенттеріне халық суретшісі Ә. Қастеев атындағы атаулы стипендия тағайындау | 2004 жыл қыркүйек | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК